



*Қазақстан Республикасының
ауыл шаруашылығы*



Ауыл шаруашылығы

Материалдық өндірістің ең маңызды түрлерінің бірі. Ауыл шаруашылығы халықты азық-түлікпен және өнеркәсіпті шикізаттың кейбір түрлерімен қамтамасыз етумен айналысады. Ауыл шаруашылығы екі үлкен саладан, яғни өсімдік шаруашылығынан және мал шаруашылығынан тұрады. Сонымен қатар оның құрамына балық аулау, аңшылық және омарта шаруашылығы да кіреді.



Қазақстан Республикасының Заңы 2015 жылғы 29

қазандағы № 372-V ҚРЗ

1-тарау. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР – 11 бапқа дейін

*2-тарау. АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ КООПЕРАЦИЯСЫН ДАМУ
САЛАСЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК РЕТТЕУ – 14 БАПҚА ДЕЙІН*


*3-тарау. АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ КООПЕРАТИВІН ҚҰРУ – 19 бапқа
дейін*

*4-тарау. АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ КООПЕРАТИВІНІҢ МҮЛКІ-24 бапқа
дейін*

*5-тарау. АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ КООПЕРАТИВІНДЕГІ
МҮШЕЛІК-32 бапқа дейін*

*6-тарау. АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ КООПЕРАТИВІН БАСҚАРУ -39 бапқа
дейін*


*7-тарау. АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ КООПЕРАТИВІН ҚАЙТА
ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ТАРАТУ - 42-бап. Осы Заңды қолданысқа*






Осы Заң 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Мыналардың:

- 1) «Қазақстан Республикасындағы селолық тұтыну кооперациясы туралы» 1999 жылғы 21 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., № 21, 770-құжат; 2006 ж., № 8, 45-құжат; 2007 ж., № 9, 67-құжат; 2012 ж., № 21-22, 124-құжат; 2014 ж., № 10, 52-құжат);*
 - 2) «Ауылишаруашылық серіктестіктері және олардың қауымдастықтары (одақтары) туралы» 2000 жылғы 25 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2000 ж., № 23, 413-құжат; 2006 ж., № 8, 45-құжат; 2007 ж., № 9, 67-құжат; 2011 ж., № 6, 49-құжат; 2014 ж., № 10, 52-құжат);*
 - 3) «Су пайдаланушылардың селолық тұтыну кооперативі туралы» 2003 жылғы 8 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., № 6, 35-құжат; 2006 ж., № 1, 5-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; 2011 ж., № 6, 49-құжат; 2014 ж., № 2, 10-құжат; № 10, 52-құжат) күші жойылды деп танылсын.*
- 3. Селолық тұтыну кооперативтері, су пайдаланушылардың селолық тұтыну кооперативтері, ауыл шаруашылығы серіктестіктері Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қайта ұйымдастыру немесе тарату рәсімдерінен өтуге міндетті. Көрсетілген талаптар осы Заң күшіне енген сәттен бастап бір жыл ішінде орындалмаған кезде көрсетілген кооперативтер соттың шешімі бойынша таратылуға жатады.*
- 

Ауыл шаруашылығы ауданы

- *өндірістік мамандануының басты саласы ауыл шаруашылығы өндірісі болып табылатын интегралды экономикалық аудан;*
- *ауыл шаруашылығы өнімінің белгілі бір түрін (түрлерін) өндіруге маманданған ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының үштесуі мен өндірістік өзара байланыстары бар салалық экономикалық аудан*





Ауыл шаруашылығы жерлері

Ауыл шаруашылығы өндірісінде пайдаланылатын жер телімдері; табиғи ерекшеліктері мен ауыл шаруашылығына пайдаланылуы бойынша ерекшеленеді. Егістік, жайылымдық және шабындық деп бөледі. Қазақстанда 2005 ж. барлық Ауыл шаруашылығы жерлерінің көлемі, шамамен, 215850,9 мың га, оның ішінде егістік жер 23230,4 мың га, пішендік 4816,0 мың га, жайылым 182358,1 мың га болды.



Ауыл шаруашылығы географиясы

Ауыл шаруашылығы өндірісі орналасуының табиғи және әлеуметтік-экономикалық факторларын, оның жеке елдер мен аудандарда даму жағдайлары мен ерекшеліктерін анықтау мен талдауды қоса ауыл шаруашылығы өндірісінің аумақтық саралануының заңдылығы мен ерекшеліктерін зерттейтін географияның бөлімі; ауыл шаруашылығы өндірісін аграрлық-өнеркәсіптік кешеннің басқа салаларымен өзара байланыста қарастырады. Ауыл шаруашылығы географиясының ауыл шаруашылығы өндірісінің орналасуы мен аумақтық ұйымдастырылуының жалпы теориясын, ауыл шаруашылығының жеке салаларының (егіншілік, мал шаруашылығы және тағы да басқалары) географиясын, әр түрлі аумақтарды аудандауды және типке бөлуді қамтиды.




Әлихан Бөкейхановтың қазақ даласындағы мал шаруашылығын зерттеуге қосқан үлесі

Әлихан Нұмұхамедұлы Бөкейхановты мемлекеттік қайраткер және ғалым ретінде Сібір мен Дала (қазақ) облыстарындағы ауылшаруашылығының даму мәселесі қызықтырды. Ол Омбы қаласында тұрған кезде Мәскеу ауылшаруашылығы қоғамының Омбы бөлімінің ашылып, оның дамуына белсене араласты. Бұл бөлімнің мақсаты Сібір және Қазақстан аудандарында ауылшаруашылығының дамуына жәрдемдесу болып табылды.





Ә. Бөкейхановтың маңызды ғылыми еңбектерінің бірі Дала өлкесіндегі қой шаруашылығына арналған. Бұл еңбекте қой шаруашылығы мамандары үшін қызығушылық тудыратын мәліметтер берілген, сонымен бірге мәселеге жан-жақты сипаттама беріп, талдау жасаған. Сонымен қатар түрлі статистикалық мәліметтер келтіріліп, қазақ қойы мен қой шаруашылығына жан-жақты сипаттама береді және бұл шаруашылықтың түрінің жергілікті халықтың экономикалық өміріндегі оның маңызын көрсетеді.





Ә. Бөкейхановтың маңыздығы кем емес тағы бір еңбегі «Скотководство» деп аталады. Бұл еңбекте дала өлкесі мен Батыс Сібірдің бірқатар аудандарындағы ірі қара мал шаруашылығы жағдайына талдау жасалады. Одан әрі автор жоғарыда көрсетілген аудандардағы қазақ және крестьян шауашылықтарының ірі қара малмен қамтамасыз етілуіне талдау жасап, ірі қара мал түрлерін жан-жақты сипаттап, оларды табиғи-климатқа байланысты күтілуі жөнінде жазып кетеді. «Жергілікті мал шаруашылығының жалпы сипаттамасы» деп аталатын бөлімінде қорытынды жасап, ірі қара малдың қой шаруашылығы сияқты осы кезеңдегі жергілікті халықтың шаруашылық өмірінде басым роль атқаратындығын атап көрсетеді. Қазақтардың шаруашылық өмірінде бұл саланың үлкен маңызын көрсете отырып, ғалым былай деп: «Киргизское скотоводство, кажущееся на первый взгляд шаблонным и трактуемое с этой точки зрения некоторыми авторами при изучении его, оказывается разнообразным по преобладанию в стаде той или другой породы скота и приспособленным к условиям места. Состав киргизского стада оказывается вполне определенным для данного места, условия которого являются определяющим моментом характера киргизского хозяйства, в котором преобладает коневодство и скотоводство на равнинах с густой растительностью.... или овцеводство в горах с мелкою растительностью»

**Тірі болсам, қазаққа
қызмет қылмай
қоймаймын...**

© Әлихан БӨКЕЙХАН



Ә.Н. Бөкейханов отырықшы мал шаруашылығына біртіндеп көшуді ұсынады. Ол қазақтар мал шаруашылығын жақсы білетіндіктен және олардан жақсы өнім алатындықтан осы кәсіппен айналысулары керек деп есептеген. Бұл жөнінде былай деп жазады: «Әр нәрсені амалын біліп, өз орнына жұмсаса, іс көркейеді. Мал бағуға жұрт шебер болған соң осы малды қазақ айналдырғаны жөн». Бұдан басқа оның пікірінше мал шаруашылығын дамыту экономикалық жағынан тиімді. Себебі, ХХғ. басында халық саны мен жыртылған жерлердің көлемінің ұлғаюына байланысты етке сұраныс өсіп, тиісінше оның бағасы да көтерілді. «Қазақтың қойының етіндей, профессор Кулешов жазғанына қарасақ, жер үстінде ет жоқ. Жер үстіндегі адам баласы өсіп, бар жарамды жер егін болып жыртылып, 20 ғасырда ет жылдан жылға қымбаттайды» - деп жазады



Қорыта айтатын болсақ, Ә. Бөкейханов ХХ ғасырдың басындағы қазақ жеріндегі кез-келген мәселені ерекше қоя білген. Ғалымның еңбектерінің мақсаты – патшалық Ресей үкіметінің отарлық саясатына ғылыми тұрғыда негізделген дәлелдер келтіре отырып, оған қарсы тұру болды. Қазақ даласындағы көшпелі мал шаруашылығының заңдылықтарын ескерусіз жүргізілген аграрлық саясатының шаруашылыққа зиян әкелетіндігіне патша үкіметіне көрсетіп беру болатын.

Ғалымның қазақ даласындағы мал шаруашылығы туралы жазылған еңбектеріндегі ғылыми тұжырымдары қазіргі кезеңдегі Қазақстандағы мал шаруашылығын дамытуда тәжірибелік маңызға ие болып табылады.





*Ауыл шаруашылығын
қолдауға қандай субсидиялар
қарастырылған және оларды
алу тәртібі қандай?*



Ауыл шаруашылығы бүгінгі күні елдің тұрғындарын азық-түлік өнімдерімен, ал өндірістік кешенді шикізатпен қамтамасыз ете алатын басты күш болып отыр. Агроөндірістік кешен өнімдерінен барлық тауарлар мен тұтыну заттарының 70%-ға жуығы өндірілетін болғандықтан, халықтың өмір сүру деңгейі мен моральдық бет-бейнесі тікелей осы саланың тиімділігіне тәуелді болып отыр.



Өсімдік шаруашылығын субсидиялау.

Өсімдік шаруашылығын субсидиялау мына бағыттар бойынша жүзеге асырылады:

- 1) көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын жүргізуге қажетті жанар-жағармай мен басқа да тауарлар мен материалдар бағасын (40 %-ға дейін) арзандату;
- 2) көпжылдық жеміс-жидек екпелері мен жүзімді отырғызуға және өсіруге кеткен шығындардың құнын ішінара (40 %-ға дейін) өтеу;
- 3) шитті мақтаның сапасын және мақтаны қайта өңдейтін ұйымдар қабылдау кезінде шитті мақтаның сапасын сараптауға кеткен шығындарды мақта иелеріне толық өтеу;
- 4) тыңайтқыштардың бағасын (органикалықты қоспағанда) және ауыл шаруашылығы дақылдарын отандық өндірушілер өндірген (формуляциялаған) гербицидтермен өңдеуге жұмсалған шығындардың құнын (50%-ға дейін) арзандату;
- 5) тұқым шаруашылығын субсидиялау.





Жеміс-жидек дақылдарының және жүзімнің көп жылдық екпелеріне арналған субсидиялар

ШТӨ-дің өткен жылдың күзінде және (немесе) ағымдағы жылғы көктемде жүргізілген жеміс-жидек дақылдарының және жүзімнің көп жылдық екпелерін (интенсивті (қарқынды) бақтар, жидектіктер және жүзімдіктер) отырғызуға және оларды ағымдағы жылы өсіруге жұмсаған шығындарын ішінара өтеуге арналады.

Субсидияларды алу үшін АШТӨ тізбесі облыстың жергілікті атқарушы органының шешімімен анықталатын құжаттардан тұратын өтінішті береді. Бұл ретте субсидияларды төлеу үшін:

сатып алу-сату және (немесе) қаржы лизингісі шартының, бастапқы есеп құжаттарының (кіріс және шығыс кассалық ордерлері) көшірмесі;

- 1) отырғызу материалы;
- 2) тамшылатып суару жүйесі;
- 3) типті жобаны сатып алу бойынша шот фактураның көшірмелері міндетті құжаттар болып табылады.





Мақта талшығының сапасын сараптауға арналған субсидиялар

мақта иелеріне мақта талшығының сапасын сараптауға жұмсаған шығындарының құнын толық өтеуге арналады.

Қазақстан Республикасының Үкіметі анықтайтын сарапшы ұйым мақта талшығының сапасын сараптау жөніндегі қызметтерді көрсетуші болып табылады. Мақта иелері мақта талшығының сапасын сараптау жөніндегі қызметтерді сатып алушылар болып табылады.

Мақта талшығының сапасын сараптауды Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 4 желтоқсандағы № 1173 қаулысымен бекітілген Мақта талшығының сапасына сараптама жүргізу және мақта талшығы сапасының паспортын беру ережесіне сәйкес қызметтерді көрсетуші жүзеге асырады.



Мал шаруашылығын субсидиялау.

Республикалық бюджет есебінен мал шаруашылығын қолдауға мемлекеттік қолдау бюджеттік бағдарламалар аясында 2 бағыт бойынша жүзеге асырылады.

1. Асыл тұқымды мал шаруашылығын қолдау (083 «Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне асыл тұқымды мал шаруашылығын қолдауға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер» бюджеттік бағдарламасы).

Мақсаты – малдың жалпы санынан шаққанда асыл тұқымды малдың үлес салмағын арттыру.



Субсидиялар:

Тауар өндірушілер отандық асыл тұқымды мал зауыттарынан және (немесе) шаруашылықтардан сатып алған асыл тұқымды төлдің, тауар өндірушілер дистрибьютерлік және (немесе) малды асылдандырушы орталықтардан сатып алған, ұрпағының сапасы бойынша бағаланған тұқымдық бұқалардың ұрығының, тауарлық құс фабрикалары етті бағыттағы құс шаруашылығы бойынша асылдандырушы шаруашылығынан және құс шаруашылығы саласындағы асыл тұқымды мал шаруашылықтарынан сатып алған асыл тұқымды тәуліктік балапандар (бұдан әрі – балапандар) және асыл тұқымды жұмыртқа құнын ішінара (50%-ға дейін) арзандатуға, сонымен қатар, Ауыл шаруашылығы министрлігіне қарасты РМАО «Асыл түлік», «Астана құс» АШ АҚ және «Қазақ тұлпары» ЖШС шығындарын өтеуге жұмсалады.